

"Көмірге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 11 наурыздағы № 84 бұйрығы

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Көмірге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Бұйрықпен бекітілген

"Көмірге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1-тарау. Қолдану саласы

1. Осы "Көмірге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі – техникалық регламент) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көмірге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне (бұдан әрі – өнім) қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Техникалық регламент адамның өмірі мен денсаулығын, мүлікті қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, өнімнің тағайындауына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында, сондай-ақ энергетикалық тиімділік пен ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету үшін әзірленді.

3. Осы техникалық регламентте техникалық реттеу объектілері:

1) көмір және оларды сұрыптау, байыту және агломерациялау өнімдері:

қатардағы көмір, байытылмаған көмір (сұрыпталған), байытылған көмір (концентрат), өнеркәсіптік өнім, шлам, агломерацияланған отын;

2) көмірді термохимиялық қайта өңдеу өнімдері:

кокс, жартылай кокс, көмір шайыры, көмір майы, көмір қазандығы отыны, белсендірілген көмір болып табылады.

4. Осы техникалық регламент қолданылатын өнімдердің тізбесі осы техникалық регламентке 1-қосымшада Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес сыныптауыш бойынша осы техникалық регламенттің және олардың кодтарының қолданысына жататын өнімдерінің тізбесі сәйкес келтірілген.

5. Өнім халықтың тұрмыстық қажеттіліктеріне, әлеуметтік мақсаттағы объектілерге, стационарлық қондырғыларда қабатты және шанды жағу, кокстеу (жартылай кокстеу), гидрогенизация және газдандыру, металлургия, химия, құрылыс, ауыл шаруашылығы, медицина және өнеркәсіптің басқа салаларының қажеттіліктеріне арналған.

6. Өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін болдырмауға және ескеруге қажетті негізгі қауіпті факторлар (тәуекелдер):

1) қоршаған ортаның ластануы;

2) радиациялық қауіп;

3) өрт-жарылыс қауіптілігі (тұтану, өздігінен тұтану) болып табылады.

2-тарау. Терминдер және анықтамалар

7. Осы Техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) агломерациялау – оларды неғұрлым тиімді пайдалану үшін физикалық, химиялық, термиялық немесе аралас әсер ету жолымен әртүрлі нысандағы және көлемдегі кесек агрегаттарды ала отырып, ұсақ заттарды ірілендіру процесі;

2) агломерацияланған отын – жабысуды қамтамасыз ететін немесе онсыз байланыстырғыш материалды қоса отырып, ұсақ бөлшектерді тығындау процесінде алынған отын;

3) байытылған көмір – ылғалды немесе құрғақ көмірді байыту процесінде алынған көмір;

4) байытылмаған көмір – електен өткізуден немесе ұсақтаудан басқа, ешқандай басқа дайындау процестерінен өтпеген көмір;

5) белсендірілген көмір – көмірден шайырлы заттарды шығару арқылы алынған, газ тәрізді немесе сұйық орталармен жанасқанда сорбциялық процестердің жүруі үшін бетінің едәуір ауданын дамытатын кеуекті өнім (ауаны, газдарды, суды және басқа сұйықтарды ластанудан тазалау бөлігінде қоршаған ортаның және адамның экологиялық және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданады);

6) брикеттеу – байланыстырғыш заттарды қосып және қоспай кесектерді (брикеттерді) алу процесі, кейіннен қоспаны қажетті мөлшерде және пішінде брикеттерге престеу;

7) дайындаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, дара кәсіпкер ретінде тіркелген, өз атынан өнімді өндіруді немесе өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе жеке тұлға;

8) дайындаушы уәкілеттік берген тұлға – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, дара кәсіпкер ретінде тіркелген, дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен шарт негізінде Қазақстан Республикасының аумағында өнімінің сәйкестігін бағалау және айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан іс-қимылды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе жеке тұлға;

9) дәреже (кіші санат) – көмірдің халықаралық жіктеу жүйесі бойынша генетикалық және физика-химиялық қасиеттерінің негізінде оның жетілгендігін көрсететін генетикалық қатарда орналасуы;

10) елеу – елеу беттері бар құрылғыларда (електерде) жүзеге асырылатын материалдың ірілік сыныптарына бөліну процесі;

- 11) жоғары температуралы кокс – көмірді кокстеу процесінде 850оС жоғары температурада алынатын қатты күйежектелген көміртекті қалдық;
- 12) кокстеу (жартылай кокстеу) – көмірді ауасыз немесе оның қатысуымен қыздыру жолымен термиялық өңдеу процесі;
- 13) көмір – елеулі дәрежеде органикалық тектес, олардың биохимиялық, физика-химиялық және физикалық өзгерістері нәтижесінде басым бөлігі қурап қалған өсімдіктерден түзілген қатты жанғыш шөгінді жыныс;
- 14) көмірді байыту – жанғыш емес компоненттерді жоя отырып, құрамында жанғыш массаны арттыру үшін көмірді өңдеу;
- 15) көмір және жыныс шаңы – көмірді өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау процесінде түзілетін, мөлшері 0,5 миллиметрден кем қатты заттардың ұсақ бөлшектері;
- 16) көмірді қайта өңдеу – берілген тұтынушылық қасиеттерді қамтамасыз ету мақсатында өндірілген көмірді өңдеудің технологиялық процесі (аяқталған циклды құрайтын дәйекті технологиялық процестердің жиынтығы);
- 17) көмір майы – көмірді кокстеу немесе жартылай кокстеу процесінде алынатын көмір шайырын бөлу өнімі;
- 18) көмірдің тотығуы – көмірге оттегінің қосылуы салдарынан қабаттарда жатқан және ауада сақталған кезде табиғи жағдайларда көмірмен жүретін экзотермиялық процесс, соның нәтижесінде көмір сапасының нашарлауы, оның өздігінен жануы және өздігінен тұтануы орын алады;
- 19) көмірді флотациялау – флотациялық реагенттермен өңделген бөлшектердің сулану айырмашылығына, олардың қойыртпақтың бетінде қалқып шығуы мен жиналуына негізделген ұсақ көмірді сулы ортада байыту;
- 20) көмір шайыры – тас және қоңыр көмірді кокстеу немесе жартылай кокстеу процесінде алынған шайыр;
- 21) көмір шайырынан жасалған қазандық отын – көмірді кокстеу немесе жартылай кокстеу кезінде алынатын көмір шайырын қайта өңдеу өнімі;
- 22) қатардағы көмір – елеу, ұсақтау, байыту процестеріне ұшырамаған өндірілген көмір;
- 23) қоршаған ортаны ластау – атмосфералық ауада, жерүсті және жерасты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электрмагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінен асатын мөлшерде (концентрацияларда, деңгейлерде) болуы;
- 24) орташа температуралы кокс – көмірді кокстеу процесінде 650 оС-тан 850 оС-қа дейінгі температурада алынатын қатты күйежектелген көміртекті қалдық;
- 25) еленді – қатардағы көмірден бөлінген және байытуға түспеген, ірілігі 12,5 кем (13,25) миллиметр көмір;

- 26) өздігінен жану – сырттан келетін жылу ағынына қарамастан, ауаның оттегімен үздіксіз дамып келе жатқан тотығу реакцияларының нәтижесінде көмірдің тұтануы;
- 27) өздігінен тұтану – жалынмен жанумен және/немесе жарылыспен қатар жүретін экзотермиялық көлемді реакциялар жылдамдығының күрт артуы;
- 28) өнеркәсіптік өнім – күлдің пайыздық құрамы бойынша көмір мен бос жыныс арасындағы аралық болып табылатын көмірді байыту өнімі;
- 29) өнім куәлігі (паспорт) – тиіп-жөнелтілген өнім партиясының санын және құрамын дайындаушымен (импорттаушы, дайындаушымен өкілеттік берілген тұлға, өнім сатушы) куәландыратын ілеспе құжат;
- 30) өнімнің қауіпсіздігі – адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтірумен байланысты жол берілмейтін қатердің болмауы;
- 31) өрт-жарылыс қауіптілігі – заттардың жанудың пайда болуы мен таралуына қабілетін сипаттайтын қасиеттерінің жиынтығы. Жану салдары, оның жылдамдығына және ағып кету жағдайларына байланысты, өрт немесе жарылыс болуы мүмкін;
- 32) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, дара кәсіпкер ретінде тіркелген (дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы), сәйкестікті бағалауды жүргізу үшін өнімді, процестерді және көрсетілетін қызметті ұсынған заңды тұлға немесе жеке тұлға;
- 33) радиациялық қауіп – табиғи радиациялық ая болып саналатын өрістен өзгеше сәулелену өрісі бар кеңістіктің қандай да бір саласында болатын қауіп;
- 34) радиациялық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес персоналға, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, атом энергиясын пайдалану объектісінің қасиеттері мен сипаттамаларының жай-күйі;
- 35) сақтау мерзімі – белгіленген сақтау шарттары сақталған кезде тауар (жұмыс нәтижесі) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарда және (немесе) шартта көрсетілген сапаны, қасиеттерді және сипаттамаларды сақтайтын уақыт кезеңі;
- 36) сатушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, өнімді сатып алушыға (тұтынушыға) өткізетін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;
- 37) сәйкестікті бағалау – техникалық реттеу объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын тікелей немесе жанама айқындау;
- 38) сәйкестік сертификаты – техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

39) сәйкестікті растау – нәтижесі техникалық реттеу объектісінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім;

40) сертификаттау – сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің және (немесе) онымен байланысты процестің, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын рәсім;

41) сұрыптау – тауарлық сыныптарын алу үшін кесек мөлшерлері бойынша бөлу процесі (көмір, кокс, жартылай кокс және т.б.);

42) сұрыпталған көмір – белгілі бір ірі сыныптағы көмір өнімін алу мақсатында елеу процесіне түскен көмір;

43) технологиялық марка (топ, кіші тобы) – генетикалық белгілері және технологиялық сипаттары бойынша жақын болып келетін көмірдің әртүрлігінің шартты белгісі;

44) төмен температуралы кокс (жартылай кокс) – 500 оС-тан 650 оС-қа дейінгі температурада көмірді жартылай кокстеу процесінде алынатын қатты күйеженектелген көміртекті қалдық;

45) тұтану – тұтану көзінен басталған және оны алып тастағаннан кейін жалғасатын заттың жалынды жануы;

46) тұтынушы – өнімді тек қана өз мұқтаждары үшін сатып алатын немесе пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

47) ұйым стандарты – ұйым өз мақсаттарын іске асыру үшін дербес қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;

48) шлам – байыту нәтижесінде көмір байыту фабрикаларының суларында түзілетін , ірілігі 0,5 (1) миллиметрден кем ұсақ бөлшектер;

49) штабель – дұрыс пішінге келтірілген көмір (кесілген (кесілмеген) түрдегі конус, пирамида және тағы басқа).

3-тарау. Өнімді сәйкестендіру

8. Өнімді сәйкестендіру өнімнің біржақты танылуын қамтамасыз етеді және: көмірлер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қоршаған орта, тұтынушының өмірі, денсаулығы, оның мүлкі үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тұтынушыны жосықсыз дайындаушыдан (жеткізушіден, сатушыдан) қорғау; көмірлер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін осы Техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілеріне жатқызу және сәйкестікті растау мақсатында жүргізіледі.

Өнімнің сәйкестендіру және сәйкестігін растау тәртібі мен рәсімдері Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) бекітілген сәйкестікті бағалау

қағидаларында және осы техникалық регламенттің 1 және 12-қосымшаларында көрсетілген стандарттау жөніндегі құжаттарда келтірілген.

Өнімді сәйкестендіру мақсатында ұйымдардың стандарттарын қолдануға жол беріледі, бірақ ұйымдардың стандарттары сәйкестікті міндетті растау рәсімдерін жүргізу үшін қолданылмайды.

9. Көмірлер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін сәйкестендіру сәйкестендіру әдістерінің жиынтығын қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) визуалды тексеру;

2) сәйкестендіру сәтінде қолда бар құжаттарға сараптама: жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарт (көмір), өндіріс жобасы (қайта өңдеу өнімдері), өнімге стандарттау жөніндегі құжат, өндіріс жоспары, шикізат жеткізуге арналған шарт, өнім куәлігі (паспорты), тауарға ілеспе құжаттама;

3) Техникалық регламенттің 11, 12-қосымшаларына сәйкес стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген сәйкестендіру, сыныптау, Кодификациялау (көмірге арналған код нөмірі), таңбалау (көмір маркасын айқындау) көрсеткіштері бойынша өнім үлгілеріне сынақтар жүргізу.

4-тарау. Қазақстан Республикасының нарығындағы өнім айналымының шарттары

10. Қазақстан Республикасының нарығында айналымға шығарылатын өнім осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес шығарылады.

11. Осы техникалық регламенттің қолданысына жататын өнім осы техникалық регламенттің 8-тарауына сәйкес стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе) өтініш берушінің талаптарына сәйкестігіне өтініш берушінің бастамасы бойынша жүргізілетін өнімнің, процестердің және көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсімнен өтеді.

12. Дайындаушылар, импорттаушылар, дайындаушы уәкілеттік берген тұлғалар, өнімді сатушылар өтініш берушінің бастамасы және (немесе) өтініш берушінің талаптары бойынша сәйкестік сертификаттарын не олардың көшірмелерін ұсынады.

13. Көмір және оның қайта өңделген өнімдері тиеп-жөнелтілген және тасымалдау кезінде өнім куәлігі (паспорты) ілесіп жүреді.

Өнім куәлігі (паспорт) мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) өнімнің атауы және тұтыну түрі;
- 2) өнімді дайындау елі және орны;
- 3) дайындаушының атауы және заңды мекенжайы (импорттаушының, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, өнімді сатушының);
- 4) өнімді стандарттау жөніндегі құжаттың атауы және белгіленуі;
- 5) партия нөмірі;
- 6) массасы (нетто және/немесе брутто);
- 7) дайындалған (және/немесе тиеп-жөнелтілген) күні;

- 8) сақтау мерзімі (және/немесе жарамдылық);
- 9) ЕАЭО СЭҚ ТН коды;
- 10) сәйкестікті растау жөніндегі құжаттардың нөмірі және берілген күні;
- 11) өнімді сынау нәтижелері (тұтынушымен келісім бойынша көрсеткіштері бар).

5-тарау. Өнім қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

14. Өнім қоршаған ортаны қорғауды және қорғауды қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес келеді.

15. Өндірушілер, сатушылар тұтынушыларға көмір құрамындағы минералды заттар, күкірт, хлор, күшән элементтері туралы ақпарат беруі керек.

Көмір өндіруші және қайта өңдеуші ұйымдар көмірді өндіру кезінде селективті алу және оларды әртүрлі әдістермен байыту арқылы шығарылатын өнімнің күлін азайтуға ұмтылады: ауыр орталарда немесе тұндыру машиналарында жыныстарды таңдау, елеу, гравитациялық (дымқыл) байыту, флотация, байытудың құрғақ әдістері.

16. Көмір және оларды сұрыптау, байыту және агломерациялау өнімдерінің қауіпсіздігін сипаттайтын және көмірді термохимиялық қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер нормалары осы техникалық регламенттің 2 және 3-қосымшаларында келтірілген.

17. Өнім радиациялық қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

18. Күлдің радиациялық қауіптілік сыныбы және көмірлер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің (қатты және сұйық) радиоактивтілігін бағалау "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген), "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) және осы Техникалық регламенттің 4, 5, 6-қосымшаларына сәйкес гигиеналық нормативтерге жауап беруге тиіс.

19. Өнім өздігінен тұтануға, сондай-ақ тұтану көзі әсер еткен кезде тұтануға және оны алып тастағаннан кейін өздігінен жануға қабілетті жанғыш (жанатын) өнімдерге жатады.

20. Көмір және оларды сұрыптау, байыту өнімдері тотығуға және өздігінен жануға бейімділігімен сипатталады. Өздігінен жануға әкелуі мүмкін химиялық өзгерістермен және көмір затының ыдырауымен байланысты тотығу процестері тотығу көрсеткішіне байланысты.

Тотығуға және өздінен жануға бейім көмір топтары және олардың қайта өңделген өнімдері, сондай-ақ олардың сақтау мерзімдері осы техникалық регламенттің 7-қосымшасында ұсынылған.

21. Көмірді термохимиялық қайта өңдеу өнімдерін сақтау мерзімдері осы техникалық регламенттің 8-қосымшасында ұсынылған.

22. Өнім өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. Өнімнің өрт қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер тұтану температурасы, өздігінен тұтану температурасы және сұйық өнімдерге арналған ашық тигельдегі тұтану температурасы болып табылады. Өнімнің өрт қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштердің нормалары осы техникалық регламенттің 9-қосымшасында ұсынылған.

23. Көмір және оны қайта өңдеу өнімдері шаң-ауа жарылу қаупі бар қоспалар түзуі мүмкін.

24. Көмір және оның қайта өңделген өнімдерінің жарылыс қауіптілігін бағалау үшін жарылғыштық өлшемдері мен жарылыс қауіптілігінің топтары техникалық регламенттің 10-қосымшасына сәйкес анықталады.

25. Шаң-ауа көмірлі қоспалардың жарылыс қауіптілігі қоспаның ылғалдылығына, көмір және шаңның гранулометриялық құрамына, көмір қабатына ауаның кіруіне, қоршаған орта және көмірдің температурасына, оның табиғи қасиеттеріне байланысты. Өнімнің жарылу өлшемшарттары және жарылу қауіпсіздігі топтары бойынша өнімдерді өндіру, қайта өңдеу және қолдану кезінде жарылыстың алдын алу және жарылыстан қорғау мақсатында жабдықтар және құралдарды іріктеу жүзеге асырылады.

26. Тасымалдау кезінде "Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11779 болып тіркелген), "Жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19188 болып тіркелген), "Жолаушыларды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13551 болып тіркелген), сондай-ақ 1957 жылғы 30 қыркүйектегі Қауіпті жүктерді халықаралық жол тасымалы туралы келісімге, 1951 жылғы 1 қарашадағы Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімге және 2000 жылғы 26 мамырдағы Ішкі су жолдары арқылы қауіпті жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Еуропалық келісімге сәйкес қауіпті жүктерді тасымалдау талаптары сақталады.

6-тарау. Өнімді сақтау және тасымалдау қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

27. Өнімді сақтау өрт және жарылыстың туындауын, қоршаған ортаның ластануы және зақымдануын болдырмайтын шараларды сақтай отырып, сулануға ұшырамайтын арнайы жабдықталған қоймаларда және құрғақ алаңдарда жүзеге асырылады.

28. Өздігінен тұтанатын көмірді сақтау үшін қоймалар және алаңдар жанатын құрылыстардан кемінде 8 метр қашықтықта орналасады.

29. Қойма шаруашылығын орналастыру және көлік операцияларын ұйымдастыру әуе бассейні және өнеркәсіптік алаңның ластануын болдырмайтын тәсілдер және құрылғыларды қолдана отырып, механикаландырылған беруді, түсіруді және тиеуді қамтамасыз етеді.

30. Түсірілген көмірді пішінсіз үймелерде және үйіп қауіпсіз сақтауды 2 тәуліктен асырмауға жол беріледі.

31. Көмірді сақтау кезеңінде кәсіпорын штабельдің температуралық жағдайына бақылау жүргізеді. Температураны өлшеу жиілігі көмірдің өздігінен жануға бейімділігіне байланысты.

Штабельдегі көмірді шекті температурадан 2⁰С жоғары қызғанда өздігінен жану ошақтарын жою үшін шаралар қабылданады.

32. Көмірді қоймаға беру, штабельге төсеу және кері беру кезінде көмірді ұсақтауды азайту және оның тозаңдануын болдырмау бойынша шаралар қарастырылады.

33. Көмірді сақтағанда штабельде қызу және өздігінен жанудың алдын алу үшін осы техникалық регламенттің 5-қосымшасына сәйкес көмірдің сақтау мерзіміне байланысты, мыналар қажет:

1) штабельден ескі көмірді жаңартылатын бөлігінен тұтынушыларға алдын ала толық тиеп, штабельден шыққан ескі көмірді жаңа өндірілген көмірмен мерзімді ауыстыру;

2) көмірде тотығуға және өздігінен жануға бейім тотығу процестерінің баяулауын және соған байланысты зиянды газдардың бөлінуін оларға ерітінділер, су эмульсиялары, суспензиялар немесе құрғақ реагенттер түрінде тотығуға қарсы ингибиторларын енгізу арқылы штабельді қабат-қабат қалыптастыру кезінде көмірді қабат-қабат және үстіңгі қабатпен тығыздау арқылы жүзеге асыру;

3) көмірді штабельге қою кезінде оның концентрациясы 3%-дан аспайтын сөндірілген әк су суспензиясымен біркелкі сулануы. Бұл жағдайда күл 0,06%-дан аспауы керек.

34. Көмір штабельдерінде пайда болған температурасы 35⁰С-дан жоғары көмірдің өздігінен қызған ошақтары анықталған кезде қыздырылған көмірді штабельден

теміржол вагондарына және басқа көлік құралдарына дереу жөнелту жүргізіледі. Мұндай тиеу мүмкін болмаған жағдайда жылыту ошақтары ауданында көмірді қосымша тығыздау жүргізіледі.

35. Көмірдің температурасы жоғарылап, 50⁰С-қа жеткен жағдайда, барлық қыздырылған көмірді штабельден тез арада алып тастауға кірісіп, оны бос орынға биіктігі 1,5 метрден аспайтын бөлек штабельдерге жинау қажет.

36. Газ бойынша қауіпті көмірге арналған жабық қоймаларды қолдану кезінде жер асты бөлігінде метанға ауысым сайын бақылау жүргізу қажет.

37. Жыныстардың өздігінен жануының ықтимал ошақтарын анықтау және өздігінен жанудың алдын алу бойынша уақтылы шаралар қабылдау мақсатында кәсіпорын үйінділерінің жылу жағдайына бақылау жүргізу қажет.

Температураны өлшеу бетінен кемінде 0,5 метр тереңдікте жүргізіледі.

38. Агломерацияланған отын оларды күн сәулесінің және атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғайтын қалқанның немесе қорғаныш жабынның астында сақталады.

39. Белсендірілген көмір өндіруші кәсіпорынның қаптамасында немесе жабық жылу көздерінен кемінде бір метр қашықтықта жер асты суларының және атмосфералық жауын-шашынның енуінен қорғалған үй-жайларда, қоршаған ортаның температурасы кезінде герметикалық жабық ыдыста сақталады.

40. Коксты, жартылай коксты сақтау және сақтау арнайы жабдықталған алаңдарда жүзеге асырылады.

41. Көмір шайыры, көмір майы, көмір шайырынан жасалған қазандық отынын өнімді тиеуге немесе өндіріске берер алдында немесе тұтынушының қоймаларындағы бөшкелерде қосатын жылытуға арналған құрылғылармен жабдықталған жабық ыдыстарда сақтау ұсынылады.

42. Көмірлер мен оларды қайта өңдеу өнімдері (қатты) тиеу-түсіру жұмыстарының қағидалары мен көліктің осы түрі үшін қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидалары сақтала отырып, көліктің белгіленген түрлерімен жаппай немесе қаптамада тасымалдауға жатады.

43. Сұйық кокс-химия өнімдерін теміржол көлігімен тасымалдау тиеу-түсіру жұмыстарының қағидаларын және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын сақтай отырып, қатып қалатын өнімдерді тасымалдау үшін арнайы бөлінген цистерналарда құю арқылы жүргізіледі.

Цистерналарды толтыру кезінде осы өнімдердің көлемдік кеңею коэффициенті және тасымалдау процесінде температураның болжамды өзгерістері ескерілуі тиіс.

44. Өнімді сақтау және тасымалдау көлік құралдарын жосықсыз даярлау, тасымалдау қағидаларын орындамау нәтижесінде шаң мен зиянды элементтер

шығарындыларын, өнім шығынын қысқартуға байланысты қоршаған ортаны қорғау және қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады

7-тарау. Өзара байланысты стандарттар тізбесі

45. Қолдану нәтижесінде осы техникалық регламент талаптарын ерікті негізде сақтау қамтамасыз етілетін стандарттардың тізбесі, сондай-ақ зерттеулер (сынау) мен өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде осы техникалық регламент талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесі осы техникалық регламентке 11 және 12-қосымшаларда көрсетілген.

8-тарау. Өнімнің сәйкестігін растау

46. Өнімнің осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) және осы Техникалық регламенттің 11 және 12-қосымшаларында көрсетілген стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

47. Өнімнің осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау міндетті сертификаттау нысанында жүргізіледі.

48. Өнімнің сәйкестігін растау кезіндегі құжат Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес ресімделген сәйкестік сертификаты болып табылады.

49. Сериялық шығарылатын өнімнің сәйкестігі расталған кезде дайындаушы немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға өтініш беруші бола алады.

50. Шығарылатын өнім партиясының сәйкестігі расталған кезде дайындаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы өтініш беруші бола алады.

51. Сынақтар үшін сынақтарды (үлгілерді) іріктеуді өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі орган немесе оның тапсырмасы бойынша аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) немесе сәйкестікті растау жөніндегі органмен келісу бойынша өтініш беруші тағайындаған сарапшы-аудиторды қамтитын комиссия жүзеге асырады.

52. Өнімді сәйкестендіру және сертификаттау жөніндегі жұмыстардың алынған нәтижелері негізінде сәйкестікті растау жөніндегі орган сәйкестік сертификатын беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9-тарау. Осы техникалық регламентті қолданысқа енгізу мерзімдері және шарттары

53. Осы техникалық регламент қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік және құқықтық актілер, стандарттау жөніндегі құжаттар оларды осы техникалық регламентке сәйкес келтіргенге дейін осы техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

54. Осы техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

55. Осы техникалық регламент қолданысқа енгізілгенге дейінгі берілген сәйкестікті бағалау бойынша құжаттар қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін қолданыста болады.

56. Осы Техникалық регламент күшіне енген күнге дейін сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жатпайтын өнімді осы техникалық регламент қолданысқа енгізілген күннен бастап алты айға тең өтпелі кезең ішінде сәйкестікті міндетті бағалау (растау) туралы құжаттарсыз Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге және айналымға шығаруға жол беріледі.

57. Осы Техникалық регламенттің 55-тармағына сәйкес сәйкестікті бағалаудан өткен өнім осы өнімге стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес белгіленген өнімді сақтау мерзімі ішінде айналымға жатады.

"Көмір және оларды қайта өңдеу
өнімдеріне қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
I-қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес сыныптауыш бойынша техникалық регламенттің және олардың кодтарының қолданысына жататын өнімдерінің тізбесі

ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Өнімнің атауы
2701	Тас көмір; тас көмірден алынған брикеттер, шекемтастар және қатты отынның ұқсас түрлері: - тас көмір, шаң тәрізді немесе шаң тәрізді емес, бірақ агломерацияланбаған:	Көмір және оларды сұрыптау, байыту және агломерациялау өнімдері: - қатардағы көмір; - байытылмаған көмір (сұрыпталған); - байытылған көмір (концентрат); - өнеркәсіптік өнім; - шлам; - отсев;
2701 11	- - антрацит:	
2701 11 100 0	- - - ұшпа заттардың шекті шығуымен (кұрғақ күлсіз негізге қайта есептегенде)10 мас.%	
2701 11 900 0	- - - өзгелер	
2701 12	- - битуминозды көмір	
2701 12 100 0	- - - кокстелетін көмір	
2701 12 900 0	- - - өзгелер	
2701 19 000 0	- - өзге де көмір	

2701 20 000 0	- тас көмірден алынған брикеттер, шекемтастар және қатты отынның ұқсас түрлері	- отын; - агломерацияланған отын (брикеттер, шекемтас және қатты отынның басқа түрлері).
2702	Гагаттан басқа, агломерацияланған немесе агломерацияланбаған лигнит немесе қоңыр көмір:	
2702 10 000 0	- лигнит немесе қоңыр көмір, шаң тәрізді немесе шаң тәрізді емес, бірақ агломерацияланбаған	
2702 20 000 0	- лигнит немесе агломерацияланған қоңыр көмір	
2704 00	Агломерацияланған немесе агломерацияланбаған тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен жасалған кокс және жартылай кокс; ретортты көмір: – кокс және көмір жартылай коксы:	
2704 00 110 0	– – электродтар өндірісі үшін	
2704 00 190 0	– – өзгелері	
2704 00 300 0	– лигниттен жасалған кокс және жартылай кокс	
2704 00 900 0	– өзгелер	Көмірді термохимиялық қайта өңдеу өнімдері, оның ішінде:
